



Жаңа \$5 долларлық банкнот
Қорғанысы күшті. Техникалық істелінген.
Қауіпсіз.



2008 жылдың басынан бастап айналымға енгізілетін 5 долларлық банкнота Құрама Штаттарда басылып шыққан соңғы валюта болып есептеледі.

Америка Құрама Штаттарының үкіметі суреттерге және қорғаныс жолдарына өзгертістер енгізудің соңғы жаңалықтарын пайдалана отырып, валютаны қолдан жасауға қарсы күресте алдыңғы қатарда келе жатыр. АҚШ валютасына өзгерістерді енгізу 2003 жылы айналымға енген 20 долларлық банкноттан басталып, 2004 жылы 50 долларлық және 2006 жылы 20 долларлық банкноттарды айналымға енгізумен өзінің жалғасын тапты. Жоспарға сәйкес, 5 долларлық банкноттан соң жаңа 100 долларлық банкнотты шығару жоспарлануда.

Жаңадан шығарылған банкноттардың **қорғанысы күштірек, безендірілуі нәзік және қауіпсіздеу:**

Қорғанысы күштірек болғандықтан оны тексеру де оңай;

Нәзік безендірілуі арқылы ақшаны қолдан жасаудың алды алынған, сондықтан ол АҚШ валютасын **қорғауға көбірек** кепілдік береді.

АҚШ үкіметінің ақшаны қолдан жасауға қарсы бағытталған қауіпсіздік шаралары, заңның қатал басымдығы, өздерінің ақшаларын қайтып тексеру керек екендігін түсіндіретін қатал әрекеттер және ақша айналымындағы көзі ашық тұтынушылар – жалған валютаны қолдан жасаудың алдын алатын ең жақсы қорғау амалдары болып есептеледі.

Өзіңіз қиналып тапқан ақшаңызды қорғауға үйреніңіз: жаңа 5 долларлық банкнотаның ерекшеліктерін біліп алыңыз және ақшаңызды тексеріңіз.

Тегіс өту

АҚШ валютасының көрінісіне нәзік өзгертістер енгізіліп жатқан кезде оның 1861 жылдан бастап айналымға шығарылған барша банкноттары өзінің күшін және құнын жоғалтпайды. Банкноттарды саудаға шығарудың қажеті жоқ. Ешбір АҚШ валютасы өзгертілмеген немесе девальвацияға ұшырамаған. АҚШ өз валютасының құнын ешқашанда төмендетпеген. Жаңа банкнотты айналымға енгізумен бірге, тозған банкноттар банк құрылымдары арқылы жиналып, қолданудан алынады.

Егер банкноттың жасанды екендегіне күмәндансаңыз

Егер сіз алған ақшаңызды қолдан жасалған болуы мүмкін деп күмәндансаңыз немесе еңіздегі ақшаға сенімді болмасаңыз, оны жергілікті полиция бөлімшесіне тапсырыңыз. Егер банкнот дұрыс болып шықса, ол дереу өзіңізге қайтарылып беріледі. Ал егер дұрыс емес болып шықса, ол сізге қайтарылып берілмейді. Себебі жасанды ақшаны қасақана пайдалану оны таратумен бірдей, сондықтан ол заңға қарсы келеді.

Енгізілген басқа өзгерістер



2003 жылы 20 долларлық банкноттағы Американың бүркіті рәмізіне жасыл, қызғылт сары және көк түстер қосылды.



2004 жылы 50 долларлық банкноттағы Америка байрағы рәмізінің төбесіне көк және қызыл түстер қосылды.



2006 жылы 10 долларлық банкнотқа енгізілген өзгерістер Азаттық мүсінінің факеліне қосылған сарғылт, сары және қызыл бояулы түстер түрінде болды.

Жаңа 5 долларды банкнот

Қорғанысы күшті. Техникалық істелінген. Қауіпсіз.



Америка Құрама Штаттарының үкіметі суреттерге және қорғаныс жолдарына өзгертістер енгізудің соңғы жаңалықтарын пайдалана отырып, валютаны қолдан жасауға қарсы күресте алдыңғы қатарда келе жатыр. Жаңа 5 долларлық банкнот 2008 жылдың басынан бастап айналымға енгізіледі, одан кейін 100 долларлық банкнотты өзгертудің де уақыты келеді. Жаңа 20 долларлық банкнот 2003 жылы, 50 долларлық банкнот 2004 жылы, ал 10 долларлық банкнот 2006 жылы айналымға енгізілген.

Жаңа 5 долларлық банкнотта 90-шы жылдары бірінші рет қолданған ең маңызды екі белгі: сұтамғы белгісімен бірге қорғаныш жібі сақталып қалынған. Оларды көру немесе тексеру қиынға соқпайды.



Сұтамғы белгісі


Екінші сұтамғы белгісі дизайны өзгерген жаңа 5 долларлық банкнотта қолданылған. Банкнотты жарыққа тосып қараңыз да портреттің сол жағынан орналасқан «5»-терді табыңыз. Сұтамғы белгісінің өзі қағаздың бір бөлігін құрайды және ол қағаздың екі жағынан да көрініп тұрады.

Қорғаныш жібі

Банкнотты жарыққа тосып қаратыңыз да оның ішіндегі қорғаныш жібін немесе пластик сызықшаны табыңыз. Қағазға сіңдіріліп жапсырылған бұл сызықша қағаздың екі жағынан да көрініп тұрады. Алдында шығарылған ескі 5 долларлық банкноттарда қорғаныш жібі Портреттің сол жағында орналастырылған.

Сұтамғы белгісі

Банкнотты жарыққа тосып қарағанда портреттің оң жағына орналасқан үлкен «5» деген цифрлы сұтамғы белгісін көресіз. Ол ертеректе шыққан 5 долларлық банкноттардағы Президент Линкольннің портреті сұтамғы белгісінің орнына енгізілген. Оның бар-жоқтығы ақша түбінде ағарып жатқан терезе сияқты бос орын арқылы көрініп тұр.



Азаттық рәмізі

Дизайны өзгерген 5 долларлық банкнот түбіне Американың жаңа азаттық рәмізі салынған - Құрама Штаттардың бүркіт және қалқаннан тұратын қызыл күрең түсті Үлкен Мөрдің рәмізі Президент Линкольн портретінің оң жағына басылған. Қызыл күрең түсті жұлдыздар портретті және Үлкен Мөрді орап тұр. Әрбір банкноттың азаттық рәміздерінде айырмашылықтар бар.




Портрет және суреттер

Банкноттың алдыңғы жағында Президент Линкольннің портреті төңірегіне сызылған сопақ жиек және оның артқы жағындағы Линкольн Мемориалының суреті салынған жерлер жылжыған. Портрет аздап жоғары көтерілген және иықтар жиекке қарай созылған. Суретте гравюра элементтері қолданылған. Олар Линкольн Мемориалын бұлттармен қапталған аспанға қарай бағытталған.




Микробаспа

Микроқарпітер өте майда болғандықтан, микробаспа тәсіліндегі сөздерді жазу қиындық туғызады. Жаңа 5 долларлық банкноттың алдыңғы жағында үш жерде микробаспа қолданылған: «FIVE DOLLARS» сөзі банкнот шетінің сол және оң жақ аралығында қайталап жазылған; «E PLURIBUS UNUM» сөзі Үлкен Мөрдің ішіндегі қалқанның үстіне жазылған; «USA» сөзі қалқандар үстіне ортасына қайталап жазылған. Банкноттың арт жағында үлкен етіп, қызыл күрең бояулы, көзге оңай түсетін «5» санының шетіне «USA FIVE» сөздері жазылған.



Бояуы

Жаңа банкноттың ең көзге түсетін айырмашылығы оның ортасындағы ашық түсті қызыл күрең бояуы. Ол банкноттың шеткі жиегіне жақындаған сайын сур түске айналады. Банкноттың үстіңгі жағындағы портреттің сол жағында және банкноттың артқы жағындағы Линкольн Мемориалы суретінің оң жағында ұсақ әріптермен жазылған сары бояулы «05» тер басылған.




Федералдық резерв көрсеткіштері

Портреттің сол жағындағы жалпы мөр барлық Федералдық Резерв Жүйесін білдіреді. Сол жақтағы серия нөмірі астындағы әріптер мен цифрлар банкноттарды Федералдық Резерв Банкі баспасы шығарғанын көрсетеді.




Көзге оңай түсетін ерекшелігі

Ақшаның күнын анықтауға қиналатын және көзі нашар көретін адамдар үшін ақшаның артқы оң жақ түбіндегі үлкен «5» саны жаңа 5 долларлық банкнотта тағдыра үлкендітілген және жоғары контрасттік қызыл күрең бояумен басылған.



Қағазы

Банкнот қағазының төрттен бір бөлігі зығардан және төрттен үш бөлігі мақтадан жасалған қызыл және көк жіптерден тұрады.



Серия нөмірлері

Банкноттың алдыңғы жағында екі жерде он бір цифрдан және әріптерден тұратын ерекше комбинация қолданылған. 5 долларлық жаңа банкноттың сол жағында орналасқан серия нөмірі алдыңғы немесе ескі банкноттарға қарағанда оң жаққа аздап жылжыған.

Жаңа валюта банкноттарының айналымға шығарылуы туралы көбірек ақпаратты www.moneyfactory.gov/newmoney сайтынан қарап шығуыңызға болады.